7. Гражданское право. Том 2. Вещное право. Обязательственное право. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр.14-107, 213-252).

**№ 9-тақырып. Ортақ меншік құқығы. Өзге де (шектелген) заттық құқықтар.**

#### **1. Тақырыптың мазмұны**

Ортақ меншіктің түсінігі және туындау негізі. Ортақ меншік құқығының түсінігі және түрлері. Ортақ үлестік меншік. Ортақ үлестік меншік құқығындағы үлестерді анықтау. Үлестік меншіктегі мүлікті иелену, пайдалану және билік ету. Сатып алудың басым құқығы. Үлесті меншіктегі мүлікті пайдаланумен байланысты кірістер мен шығындарды



ортақ үлестік меншік қатысушыларының арасында бөлу. Ортақ үлесті меншіктегі мүлікті бөлу және одан үлесті бөліп шығару. Ортақ бірлескен меншік, оның туындау негіздері. Ортақ бірлескен меншіктегі мүлікті иелену, пайдалану және билік ету. Ортақ бірлескен меншіктегі мүлікті бөлу және одан үлесті бөліп шығару. Ерлі-зайыптылардың ортақ меншігі. Шаруа және фермер қожалығының мүлкіне оның қатысушыларының ортақ бірлескен меншік құқығы. Кондоминиум ортақ бірлескен меншік құқығының ерекше нысаны ретінде. Меншік иесі болып табылмайтын тұлғалардың заттық құқықтарының түрлері. Шаруашылық жүргізу құқығы. Шаруашылық жүргізу құқығының түсінігі, субъектілері және мазмұны, шектері. Шаруашылық жүргізудегі мүлікке меншік құқығы. Оралымды басқару құқығының түсінігі, субъектілері және мазмұны. Қазыналық кәсіпорын мүлкі мен мекеменің мүлкіне билік ету. Шаруашылық жүргізу құқығы мен оралымды басқару құқығына ие болу және тоқтату. Кәсіпорын немесе мекеме басқа меншік иесіне өту кезінде мүлікке құқықтарды сақтау. Жер пайдалану құқығы және жер қойнауын пайдалану құқығы. Сервитуттар: түсінігі, түрлері, оларды бекіту тәртібі мен негіздері. Узуфрукт, эмфитевзис, суперфиций.

## ***2. Дәріс және семинар тақырыптарының бұл тақырыпты студенттер игергеннен кейінгі құзыреттермен байланысы***

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент келесідей құзыреттерді игеруі тиіс:

– өзінің қызметін ұйымдастыру, типтік әдістер мен кәсіби міндеттерді орындаудың тәсілдерін таңдау, олардың тиімділігі мен сапасын бағалауды.

– кәсіби міндеттерді тиімді орындау, кәсіптік және жеке басын дамыту үшін ақпаратты пайдалану мен іздеуді жүзеге асыруды.

– құқықтық базаның үздіксіз өзгеруі жағдайына бейімделуді.

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент:

– ортақ меншік құқығының түсінігі мен туындау негіздерін;

– ортақ бірлескен меншіктегі мүлікті иелену, пайдалану және билік етуді;

– шаруашылық жүргізу мен оралымды басқару құқықтарының түсінігі, субъектілері, мазмұны және шектерін;

– жер пайдалану құқығы және жер қойнауын пайдалану құқығын;

– сервитуттар: түсінігі, түрлері, белгілеу мен тоқтату негіздері және тәртібін;

– узуфрукттың, эмфитевзистің, суперфицийдің түсінігін **білуі тиіс.**

– ортақ меншік құқығы және өзге де заттық құқықтардың мәселелері бойынша азаматтар мен заңды тұлғаларды қабылдауды жүзеге асыруды **игеруі тиіс.**

## **3. Сот және әкімшілік тәжірибесі**

Постановление Апелляционной судебной коллегии по гражданским и административным делам суда города Астаны от 04.09.2012 г. по делу № 2а-3314 по иску Сулейменовой А.Ю. к Исмаилову Жомарту, Исмаилову А.Е. о вселении в квартиру, по встречному иску Исмаилова Жомарта к Сулейменовой А.Ю. о взыскании суммы, поступившее по апелляционной жалобе ответчика Исмаилова Ж.А. на решение Алматинского районного суда г. Астаны от 10 июля 2012 года. Решение СМЭС г. Астаны от 18.03.2013 г. по делу №2-2174/13 по иску ТОО «Фабрика дверей «Командор» к ГУ «Управление архитектуры и градостроительства г.Астана» об оспаривании действий и обязанности присвоить адрес приобретенному помещению. Ответ Министерства юстиции Республики Казахстан на вопрос от 9 августа 2012 г. № 160640. Ответ Министерства юстиции Республики Казахстан на вопрос от 17 июня 2011 г. № 1843.

#### **4. Ұсынылатын әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесімен 1994 ж. 27 желтоқсанда қабылданған.

2. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 26.12.2011 ж. № 518-IV Кодексі.

3. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий (постатейный). В 2 кн. – 3-е изд., испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2007. (стр. 63-110).

3. Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 ж. 16 сәуірдегі № 91-1 Заңы.

4. Қазақстан Республикасының «Тұрғын үйге үлестік қатысу туралы» 2016 ж. 7 сәуірдегі № 486-V Заңы.

5. Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу туралы» 2007 ж. 26 шілдедегі № 310-III Заңы.

6. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 ж. 1 наурыздағы № 413-IV Заңы.

7. Тұрғын үйге меншік құқығына қорғауға байланысты дауларды шешудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 16 шілдедегі № 5 Нормативтік қаулысы.

8. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 386-436).

9. Гражданское право. Том 2. Вещное право. Обязательственное право. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр. 108-213).

**№ 10-тақырып. Меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды қорғау.**

## **2. Тақырыптың мазмұны**

Меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды қорғаудың азаматтық-құқықтық құралдарының жүйесі. Меншік құқығын қорғаудың заттық-құқықтық және міндеттемелік-құқықтық тәсілдері. Меншік иесінің мүлікті өзгенің заңсыз иеленуінен талап етуі (виндикациялық талап). Виндикациялық талапты қанағаттандыру негіздері. Заттарды заңсыз иеленуден қайтарып алу кезінде есеп айырысу. Меншік иесі құқықтарын иеленуден айыруға байланысы жоқ бұзылудан қорғау (негаторлық талап). Мүлікті тізімнен алып тастау туралы талап (тыйым салудан босату). Меншік құқығын тану туралы талаптар. Меншік иесі болып табылмайтын иеленушінің құқықтарын қорғау. Билік пен басқару органдарының актілерімен меншік иесінің құқықтарын заңсыз айыру мен шектеу кезінде меншік құқығын қорғау. Меншік құқығын азаматтық-құқықтық қорғаудың өзге де тәсілдері.

### **2. Дәріс және семинар тақырыптарының бұл тақырыпты студенттер игергеннен кейінгі құзыреттермен байланысы**

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент келесідей құзыреттерді игеруі тиіс:

– меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды қорғау мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын іске асыру үшін нормативтік құқықтық актілерді кәсіби түсіндіруді жүргізуді.

– жаңа идеялар туғызу, оларды іске асыру тәсілдерін табу қабілеттілігін.

– заңи техника ережелеріне сәйкес нормативтік құқықтық актілерге қорытындылар жасауды.

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент:

– меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды қорғау құралдарының жүйесін;

– меншік құқығын тану туралы талаптарды;

– виндикациялық талапты ұсыну негіздерін;

– негаторлық талапты ұсыну негіздерін;

– меншік құқығын азаматтық-құқықтық қорғаудың өзге де тәсілдерін **білуі тиіс.**

– меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды қорғау мәселелері бойынша азаматтар мен заңды тұлғаларды қабылдауды жүзеге асыруды **игеруі тиіс.**

## **3. Сот және әкімшілік тәжірибесі**

Решение Районного суда № 2 Алмалинского района г. Алматы от 25.05.2012 г. по делу № 2-3962/12 по иску Государственного учреждения «Управление жилья города Алматы» к Макаровой Вере Максимовне, Марченко Галине Сергеевне, Канталинской Надежде Александровне, Имамалиеву Бахлул Орудж-оглы, частному нотариусу Исаевой Д.Б., Департаменту юстиции г.Алматы о признании лиц утратившими права

пользования квартирой по адресу: г. Алматы, пр.Абылай хана д. 28 кв. 46, о признании договора приватизации от 30.07.1992г., договора купли-продажи от 06.10.2010г. недействительными, об отмене государственной регистрации договоров и выселении, встречному иску Имамалиева Бахлул Орудж-оглы к Государственному учреждению «Управление жилья города Алматы», Канталинской Надежде Александровне о признании сделки действительной, встречному иску Канталинской Надежды Александровны к Государственному учреждению «Управление жилья города Алматы», Департаменту юстиции г.Алматы об установлении фактов, имеющих юридическое значение. Решение Сарыаркинского районного суда г. Астаны от 15.01.2014 г. по делу № 2-494/14 по исковому заявлению Усеновой Гулсары к ТОО «СпецТрансСтрой Д», ТОО Астанаэнергосбыт», Акционерному обществу «Кедентранссервис» об освобождении имущества от ареста.

#### ***4. Ұсынылатын әдебиеттер***

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесімен 1994 ж. 27 желтоқсанда қабылданған.

2. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий (постатейный). В 2 кн. – 3-е изд., испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2007. (стр. 144-151).

3. Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу туралы» 2007 ж. 26 шілдедегі № 310-III Заңы.

4. Тұрғын үйге меншік құқығына қорғауға байланысты дауларды шешудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 16 шілдедегі № 5 Нормативтік қаулысы.

5. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 471-488).

6. Гражданское право. Том 2. Вещное право. Обязательственное право. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр. 253-275).

### **№ 11-тақырып. Міндеттеменің түсінігі мен мазмұны. Міндеттемедегі тараптар. Міндеттемені орындау.**

#### ***1. Тақырыптың мазмұны***

Міндеттемелік құқықтың түсінігі мен жүйесі. Міндеттеменің түсінігі мен мазмұны, оның басқа мүліктік құқықтық қатынастардан айырмашылығы. Міндеттеменің туындау негіздері. Міндеттеменің субъектілері. Міндеттемедегі тұлғалардың көптігі. Міндеттемелердің жіктелуінің мәселелері. Міндеттемелердің түрлері. Ортақтасқан, үлестік және субсидиарлық міндеттемелер. Үшінші тұлғалардың қатысуымен міндеттемелер. Регрестік міндеттемелер. Үшінші тұлғалардың

пайдасына міндеттемелер. Міндеттемедегі тұлғалардың ауысуы. Құқықты (талап етуді) беру. Қарызды алмастыру. Міндеттеменің орындалуының түсінігі мен қағидаттары. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және міндеттеменің шарттарын бір жақты өзгертуге жол берілмеуі. Міндеттемені тиісті борышқордың тиісті несие берушіге орындауы, міндеттемені борышқор үшін үшінші тұлғаның орындауы. Ортақтасқан және үлестік міндеттемелердің орындалу ерекшеліктері. Міндеттемені толық көлемде орындау. Міндеттемені бөлшектеп орындау ережелері. Міндеттемені орындау мерзімі. Міндеттемеде ол орындалатын мерзім көрсетілмесе және бұл мерзімді анықтауға мүмкіндік беретін шарттар болмаса орындау тәртібі. Міндеттемені мерзімінен бұрын орындау. Міндеттемені мерзімінде орындамаудың салдары. Міндеттеме орындалатын жер. Ақшалай міндеттемені орындаудың ерекшеліктері. Міндеттемені орындау тәсілі. Міндеттемені заттай орындау. Міндеттемені қарсы орындау. Міндеттемені мерзімін өткізіп орындаудың салдары.

## ***2. Дәріс және семинар тақырыптарының бұл тақырыпты студенттер игергеннен кейінгі құзыреттермен байланысы***

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент келесідей құзыреттерді игеруі тиіс:

– міндеттемелік құқықпен байланысты білімдерді біріктіру және қиын мәселелерді орындап шығуды.

– құқық нормаларын дұрыс қолдану ептілігін.

– ақпаратты сыни бағалауды, ақпаратты жинақтау негізінде сындарлы шешім қабылдауды және жинақталған тәжірибені қайта бағалау; өз мүмкіндіктерін сыни талдауға қабілетті болу ептілігін.

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент:

– міндеттеменің түсінігі мен мазмұнын, оның басқа мүліктік құқықтық қатынастардан айырмашылығын;

– міндеттемелердің субъектілерін;

– міндеттемелердің туындау негіздерін;

– міндеттемелердің түрлерін;

– міндеттемедегі тұлғалардың ауысу шарттарын;

– міндеттемелердің орындалуының түсінігі мен қағидаттарын;

– міндеттемелердің орындалу әдістері мен олардың ерекшеліктерін **білуі тиіс.**

– міндеттемелік құқық сұрақтары бойынша заңи мәселелерді шешу мен талдауды **игеруі тиіс.**

## **3. Сот және әкімшілік тәжірибесі**

Решение Районного суда №2 Казыбекбийского района г. Караганды от 05.12.2013 г. по делу № 2-13279/2013 по иску: Акима г. Караганды, ГУ «Отдел земельных отношений города Караганды» к Драганову Антону Зиновьевичу, третье лицо налоговое управление по

району им Казыбекбиг. Караганды о взыскании суммы задолженности и пени по арендной плате. Решение СМЭС Карагандинской области от 18.02.2016 г. по делу № 2-7988/2015 по иску ГУ «Департамент по чрезвычайным ситуациям Карагандинской области Комитета по чрезвычайным ситуациям МВД РК» к ТОО «Техно Сфера ПВ» о признании недобросовестным участником государственных закупок. Ответ Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан на вопрос от 23 августа 2013 г. № 218055.

#### ***4. Ұсынылатын әдебиеттер***

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесімен 1994 ж. 27 желтоқсанда қабылданған.

2. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий (постатейный). В 2 кн. – 3-е изд., испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2007. (стр. 152-199).

3. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 489-532).

4. Гражданское право. Том 2. Вещное право. Обязательственное право. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр. 276-318).

### **№ 12-тақырып. Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету.**

#### ***1. Тақырыптың мазмұны***

Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етудің түсінігі және тәсілдері. Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерінің акцессорлық сипаты. Айып төлеудің түсінігі мен түрлері. Айып төлеу туралы келісімнің нысаны және оны сақтамау салдары. Залалдар мен айып төлеудің арақатынасы. Кепілпұл, оның аванстан айырмашылығы. Кепілпұлмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаудың және тоқтатудың салдары. Борышқордың мүлкінен ұстап қалу. Кепілдік міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету әдісі ретінде. Кепілдік берушінің жауапкершілігі. Кепіл болушылық. Кепіл болушылықтың туындау негізі. Кепіл болушылықты тоқтату. Кепілдік жарна. Кепіл. Кепілдің түсінігі және туындау негіздері. Кепілдің түрлері. Кепілді қайталап салу. Кепіл міндеттемесін ұстап қалу. Кепілге салынған мүліктен ақы өндіріп алу негіздері мен тәртібі. Кепілге салынған мүлікті сату. Кепілді тоқтату негіздері. Айналымдағы тауарларды кепілге салу. Ломбардта заттарды кепілге салу. Ипотека. Ипотеканың түсінігі мен пәні. Ипотеканың пәні бола алмайтын мүлік. Ипотека туралы шартты мемлекеттік тіркеу. Тұрғын үйлер мен пәтерлер ипотекасының ерекшеліктері.

## ***2. Дәріс және семинар тақырыптарының бұл тақырыпты студенттер игергеннен кейінгі құзыреттермен байланысы***

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент келесідей құзыреттерді игеруі тиіс:

- құқықтық базаның үздіксіз өзгеруі жағдайына бейімделуді.
- құқық нормаларын дұрыс қолдану ептілігін.
- нормативтік және нормативтік емес құқықтық актілердің жобаларын жасау, заңи техника ережелеріне сәйкес нормативтік құқықтық актілерге қорытындылар жасау ептілігін.

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент:

- міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету түсінігі мен әдістерін;
- айып төлеудің түсінігі мен түрлерін, оның нысанын;
- залалдар мен айып төлеудің арақатынасын;
- кепілпұлдың ерекшеліктерін;
- кепілдік пен кепіл болушылықтың ерекшеліктерін;
- кепілдің түсінігі мен түрлерін;
- ипотеканың түсінігі мен пәнін **білуі тиіс**.
- тәжірибелік жағдаяттарды шешу кезінде нормативтік құқықтық актілерді тәжірибеде қолдануды; міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етудің, оның ерекшеліктерін ескеріп оңтайлы әдісін таңдауды **игеруі тиіс**.

## ***3. Сот және әкімшілік тәжірибесі***

Решение Костанайского городского суда Костанайской области от 14.01.2015 г. по делу № 2-10234/2014 по иску ТОО «Бюро по работе с дебиторами» к Кушкурбаевой (Альмухамедова) Сауле Кенжебулатовне о взыскании общей суммы задолженности по банковскому займу, судебных расходов. Решение Медеуского районного суда г.Алматы от 08.11.2012 г. по делу №2-7144-12 по исковому заявлению АО «Казкоммерцбанк» к Сарсембиной Раузе Сейдахметовне, Сарсембиной Нурсауле Сейдахметовне об обращении взыскания на залоговое имущество. Решение Алакольского районного суда Алматинской области от 15.03.2016 г. по делу 1934-16-00-2/79 по иску ТОО «Микрофинансовая организация «КМФ (КМФ)» к Шарипбекову Даулену Нурболатовичу о взыскании суммы задолженности и расходов по государственной пошлине. Решение Сарыаркинского районного суда города Астаны от 08.02.2013 г. по делу № 2-1308/13 по иску Сурхаева Акифа Сутай-оглы к Обоз Сергею Николаевичу о взыскании суммы задатка и встречному иску Обоз Сергея Николаевича к Сурхаеву Акифу Сутай-оглы о возврате правоустанавливающих документов на недвижимое имущество.

## ***4. Ұсынылатын әдебиеттер***

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесімен 1994 ж. 27 желтоқсанда қабылданған.

2. Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» 1995 ж. 23 желтоқсандағы № 2723 Заңы.

3. Қазақстан Республикасының «Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы» 1998 ж. 3 маусымдағы № 254-І Заңы.

4. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий (постатейный). В 2 кн. – 3-е изд., испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2007. (стр. 200-291).

5. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 533-598).

6. Гражданское право. Том 2. Вещное право. Обязательственное право. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр. 319-414).

## **№ 13-тақырып. Міндеттемені тоқтату**

### ***1. Тақырыптың мазмұны***

Міндеттемені тоқтату негіздері (тәсілдері). Тиісінше орындау міндеттемені тоқтату тәсілі ретінде. Міндеттеменің орындалуын куәландыру. Міндеттеменің бір тарабының талап етуі бойынша міндеттемені тоқтату, міндеттемелерді тиісінше орындаумен тоқтату. Бас тарту. Несие беруші мен борышқордың бір тұлға болуы. Жаңғыртылу. Борышты кешіру. Міндеттемені біртектес қарсы талапты есепке жатқызу арқылы тоқтату. Есепке жатқызу жол берілмейтін жағдайлар. Орындауға мүмкіндік болмағандықтан міндеттеменің тоқтатылуы. Мемлекеттік органның құжаты негізінде міндеттеменің тоқтатылуы, тоқтатылу салдары. Азаматтың қайтыс болуымен міндеттеменің тоқтатылуы. Заңды тұлғаның таратылуымен міндеттеменің тоқтатылуы. Міндеттеменің тоқтатылуының өзге де әдістері.

### ***2. Дәріс және семинар тақырыптарының бұл тақырыпты студенттер игергеннен кейінгі құзыреттермен байланысы***

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент келесідей құзыреттерді игеруі тиіс:

- елдің құқықтық жүйесіне еркін бейімделу қабілетін.
- өз еңбегін ұйымдастыру ептілігін; жаңа идеялар туғызу қабілеттілігін, оларды іске асыру тәсілдерін табуды.
- өз қорытындыларын, пайдаланылған білімдері мен негіздемелерін мамандар мен маман еместерге анық және қайшылықсыз баяндауды.



- Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент:
- міндеттемелердің тоқтатылу негіздерін (тәсілдерін);
  - міндеттемелерді тиісінше орындаумен тоқтатуды;
  - бас тартудың ерекшеліктерін;
  - есепке алудың ерекшеліктерін;
  - мемлекеттік органның актісі негізінде міндеттемені тоқтату, тоқтату салдарын;
  - заңды тұлғаны тарату және жеке тұлғаның қайтыс болуы кезінде міндеттемені тоқтатуды;
  - қайта жаңғырту мен борышты кешірудің ерекшеліктерін **білуі тиіс.**
  - міндеттемені тоқтату сұрақтары бойынша құқықтық есептер мен мәселелерді сәтті шешуді **игеруі тиіс.**

### **3. Сот және әкімшілік тәжірибесі**

Решение СМЭС г. Астаны от 12.04.2014 г. по делу № 02-4425/14 по иску ТОО «Тұқым» к АО «НК» Продовольственная контрактная корпорация» о признании обязательств прекращенными. Решение СМЭС Костанайской области от 24.09.2012 г. по делу № 3221 по иску прокурора Костанайского района в интересах государства к КХ «Самошкин С.А.» (глава КХ Самошкин Сергей Александрович), КХ «Кусбергенов Ж.Т.» (глава КХ Кусбергенов Жандос Таймасович), ГУ «Отдел земельных отношений акимата Костанайского района», ДГП «КостанайНПЦзем» о признании недействительными и отмене соглашения об отступном, договора об аренде земельного участка, актов на право временного возмездного землепользования, отмене государственной регистрации, применении реституции. Постановление Кассационной судебной коллегии Костанайского областного суда от 06.08.2014 г. по делу № 2к-572/2014 по жалобе представителя КХ на определение специализированного межрайонного экономического суда Костанайской области от 05 марта 2014 года по заявлению крестьянского хозяйства «Есмагамбетов Батырбек» о прекращении взаимных обязательств между сторонами.

### **4. Ұсынылатын әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесімен 1994 ж. 27 желтоқсанда қабылданған.

2. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий (постатейный). В 2 кн. – 3-е изд., испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2007. (стр. 360-373).

3. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 599-611).

4. Гражданское право. Том 2. Вещное право. Обязательственное право. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр. 440-449).

## **№ 14-тақырып. Міндеттемені бұзғандығы үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік**

### **3. Тақырыптың мазмұны**

Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түсінігі мен функциялары. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің, санкциялар мен құқық бұзушыға жедел ықпал ету шараларының арақатынасы. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің нысандары. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түрлері: шарттық және шарттан тыс, үлестік және ортақтасқан, негізгі және субсидиарлық, толық және шектелген, аралас жауапкершілік, регресс тәртібімен жауапкершілік. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің шарттары (негіздері). Құқыққа қайшы мінез-құлық. Зиян келтіру. Құқыққа қайшы әрекет пен зиян келтірудің арасындағы себепті байланыс. Кінә. Азаматтық құқықтағы кінәнің ерекшеліктері. Кінәсіздік жауапкершіліктің негіздері. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы жауапкершіліктің ерекшеліктері. Жауапкершіліктен босататын мән-жайлар. Оқиға және бой бермейтін күш. Борышқордың мерзімді өткізіп алу салдары және несие берушінің мерзімді өткізіп алу салдары. Моральдық зиян. Моральдық зиянды ақшалай өтеу. Ақшалай міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктің ерекшеліктері. Басқаның ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік.

### **2. Дәріс және семинар тақырыптарының бұл тақырыпты студенттер игергеннен кейінгі құзыреттермен байланысы**

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент келесідей құзыреттерді игеруі тиіс:

– ақпаратты сыни бағалауды, ақпаратты жинақтау негізінде сындарлы шешім қабылдауды және жинақталған тәжірибені қайта бағалау; өз мүмкіндіктерін сыни талдауға қабілетті болу ептілігін.

– құқық нормаларын дұрыс қолдану ептілігін.

– өз қорытындыларын, пайдаланылған білімдері мен негіздемелерін мамандар мен маман еместерге анық және қайшылықсыз баяндауды.

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент:

– азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түсінігі мен функциялары;

– азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түрлері мен нысандары;

– азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің шарттары (негіздері);

– азаматтық құқықтағы кінәнің ерекшеліктері;

– кәсіпкерлік қызмет аясындағы жауапкершіліктің ерекшеліктері;

– моральдық зиянның түсінігін **білуі тиіс**.

– азаматтық-құқықтық қатынас субъектілеріне құқықтық көмек көрсетуге **қабілетті болуы тиіс.**

### **3. Сот және әкімшілік тәжірибесі**

Решение СМЭС Карагандинской области от 12.01.2016 г. по делу № 2-6844- 2015 по иску ТОО «Караганды Жылу Сбыт» к ТОО «Каруглесбыт» о взыскании долга в сумме 48367808 тенге. Решение СМЭС г. Астаны от 15.05.2013 г. по делу №02-2343-13 по исковому заявлению ТОО « KazBeef Ltd » (КазБиф Лтд) к ТОО «Енбек-Береке» о взыскании суммы основного долга 13 895 319 тенге, пени 6 639 532 тенге, суммы убытков в размере 41 607 980 тенге, расходов по оплате государственной пошлины в размере 1 864 285 тенге. Ответ Министерства юстиции Республики Казахстан на вопрос от 10 ноября 2011 г. № 108585.

### **4. Ұсынылатын әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесімен 1994 ж. 27 желтоқсанда қабылданған.

2. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий (постатейный). В 2 кн. – 3-е изд., испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2007. (стр. 333-373).

3. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 612-655).

4. Гражданское право. Том 2. Вещное право. Обязательственное право. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр. 415-449).

**№ 15-тақырып. Шарттың түсінігі мен ережелері. Шартты жасасу, өзгерту және бұзу.**

#### **1. Тақырыптың мазмұны**

Шарттың түсінігі мен маңызы. Қазақстанда нарықтық қатынастарды қалыптастырудағы шарттың рөлі. «Шарт», «мәміле», «міндеттеме» ұғымдарының арақатынасы. Шарт еркіндігі қағидаты және оның шектелуі. Шарттардың түрлері. Жария шарт. Қосылу шарты. Алдын ала жасалатын шарт. Шарттың қатысушыларының пайдасы үшін және үшінші тұлғалардың пайдасы үшін жасалатын шарттар. Бір тарапты және өзара шарттар. Ақылы және ақысыз шарттар. Шартты түсіндіру. Шарттың мазмұны. Шарт ережелері. Шарттың елеулі ережелерінің заңи маңызы. Шарттың әдеттегі, қосымша және үлгі ережелері. Шарт нысаны. Ауызша, конклюдентті әрекеттер арқылы және үндемей қалу жолымен жасалатын шарттар. Жай жазбаша нысанда жасалатын және нотариалды нысан талап етілетін шарттар. Шарттың заңмен талап етілген нысанын сақтамау салдары. Шарттарды

мемлекеттік тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы талаптарды сақтамау салдары. Шарт жасасу. Шарт жасасу кезеңдері. Оферта мен акцептке қойылатын талаптар. Жария оферта. Шарт жасалатын кез. Шарт жасалатын жер, оның заңи маңызы. Шартты міндетті түрде жасасу жағдайлары және тәртібі. Сауда-саттықта жасалатын шарттың ерекшеліктері. Шартқа дейінгі даулар. Шартты өзгерту және бұзу. Шартты оның әрекет ету кезеңінде өзгерту және бұзу негіздері. Шартты бір жақты өзгерту және тоқтату. Мән-жайлардың елеулі түрде өзгеруіне байланысты шартты өзгерту және бұзу ерекшеліктері. Шартты өзгерту және тоқтату салдары мен тәртібі.

## ***2. Дәріс және семинар тақырыптарының бұл тақырыпты студенттер игергеннен кейінгі құзыреттермен байланысы***

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент келесідей құзыреттерді игеруі тиіс:

– ақпаратты сыни бағалауды, ақпаратты жинақтау негізінде сындарлы шешім қабылдауды және жинақталған тәжірибені қайта бағалау; өз мүмкіндіктерін сыни талдауға қабілетті болу ептілігін.

– нормативтік және нормативтік емес құқықтық актілердің жобаларын жасау, заңи техника ережелеріне сәйкес нормативтік құқықтық актілерге қорытындылар жасау ептілігін.

– өз қорытындыларын, пайдаланылған білімдері мен негіздемелерін мамандар мен маман еместерге анық және қайшылықсыз баяндауды.

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент:

– шарттың түсінігі мен маңызын;

– шарттардың түрлерін;

– шарттың мазмұны мен нысанын;

– шарт жасасу кезеңдерін;

– шартты өзгерту және бұзу негіздерін;

– шартты өзгерту және тоқтатудың тәртібі мен салдарын **білуі**

**тиіс.**

– шарттардың сан алуан түрлерін құрастыруға **қабілетті болуы**

**тиіс.**

## **3. Сот және әкімшілік тәжірибесі**

Решение СМЭС г. Астаны от 22.01.2015 г. по делу № 2-14662/14 по иску РГП «Резерв» к ТОО «Kazakhstan Trade & technology Company» о признании недобросовестным участником государственных закупок, а также материалы искового заявления ТОО «Kazakhstan Trade & technology Company» к ответчику РГП «Резерв» о признании недействительными пунктов договоров о государственных закупках. Решение СМЭС Карагандинской области от 03.04.2012 г. по делу № 2-749\12 по иску ИП Крамаревой И.И. к КГП «Горкомхоз» акимата г. Шахтинска о взыскании суммы санкции за досрочное

расторжение договора аренды и по встречному иску КГП «Горкомхоз» акимата города Шахтинска к ИП Крамаревой И.И. о признании недействительным договора аренды автотранспортного средства №04/01А от 01.01.2011 года и дополнительного соглашения №1 от 01.02.2011 года к договору №04/01А от 01.01.2011года. Решение Медеуского районного суда г.Алматы от 27.03.2015 г. по делу № 2-3779/2015 по иску Дочернего банка акционерного общества «Хоум Кредит энд Финанс Банк»(сокращенное наименование ДБ АО «Банк Хоум Кредит» к Уразбаеву Жалгасу Кубейсиновичу о взыскании суммы задолженности по кредитному договору. Ответ Министерства юстиции Республики Казахстан ответ на вопрос от 24 марта 2013 г. № 194586.

#### ***4. Ұсынылатын әдебиеттер***

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесімен 1994 ж. 27 желтоқсанда қабылданған.

2. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий (постатейный). В 2-х кн. – 3-е изд., испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2007. (стр. 374-423).

3. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 656-712).

4. Гражданское право. Том 2. Вещное право. Обязательственное право. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр. 450-475).

### III. Тәжірибелік (семинар) сабақтарының тақырыбы

#### № 1-тақырыбы. Азаматтық құқықтың түсінігі: пәні, әдісі, қағидаттары, қайнар көздері

##### 1. Қарастырылатын сұрақтар

1. Азаматтық құқық құқық салаларының жүйесінде.
2. Азаматтық-құқықтық реттеудің пәні.
3. Азаматтық-құқықтық реттеудің әдісі.
4. Азаматтық құқықтың негізгі бастаулары (қағидаттары).
5. Азаматтық құқықтың қайнар көздері:
  - заңнама және оның иерархиясы;
  - халықаралық шарттар;
  - ҚР ЖС пен КК нормативтік қаулылары.
  - іскерлік айналып ғұрыптары.
6. Азаматтық заңнаманың уақытқа қарай қолданылуы.
7. Азаматтық құқықтағы аналогия Аналогия в гражданском праве.
8. Азаматтық заңнама нормаларын түсіндіру түрлері.

##### 2. Ситуациялық есептер (кейстер/шағын-кейстер)

№ 1. Көшеден ақша мен шетел азаматы Джеймс Хаттың атына құжаттары бар әмиян тауып алған Матвеев оның тұрған жерін қонақүйлер мен анықтама қызметтеріне телефон шалып ұзақ іздеді. Соңында Джеймс Хаттың «Еуропа» қонақ үйінде тұрғанын, бірақ 15 минут бұрын әуежайға шығып кеткендігін біледі. Матвеев дереу жеке көлігімен әуежайға шығады. Кешігіп қалудан қорыққан ол қозғалыс жылдамдығын көтеріп, оған мемлекеттік автобақылау қызметкері айыппұл төлетеді.

Әмиянда болған суреттерінің бірінен таныған ол әуежайдың ғимаратына кіргенде Джеймс Хатты көреді. Өз әмиянын қайтарған Джеймс Хат қатты қуанады, қазір ұшып бара жатқанына өкініп, Матвеевқа алғыс айтып, онымен бірге кешкі ас ішкісі келгенін айтады. Хатт өзін шығарып салып жатқан танысы Лисьевтан бұл тапсырманы орындауды сұрады.

Хат ұшып кеткен соң Лисьев Матвеевқа мейрамханаға баруға ұсынады. Өз кезегінде Матвеев бас тартып, мейрамханаларға баруды ұнатпайтынын, бірақ ақшалай сыйақыдан бас тартпайтынын, себебін айыппұл төлегенін, әуежайға келу үшін бензинге ақша төлегенін, оған қоса ақылы анықтамалық телефон қызметін пайдаланғаны үшін есеп келетінін айтып түсіндіреді. Лисьев Матвеевтың өтінішін орындауға қуанышты болатынын, алайда ол Джеймс Хаттың алдында тарсырманы орындағаны жөнінде есеп беру керектігін, есепке мейрамханаға төлеген есеп шотты қоса тіркеу керектігін мәлімдейді. Егер Матвеев шақыруды қабыл алса, ол онымен бірге кешкі ас ішуге қуанышты екенін айтады. Бұл туралы Матвеев заңгерге айтады.

### ***Оған қандай жауап берілуі тиіс?***

№ 2. Электр беретін жоғары вольтты желілердің құрылысы үшін жер учаскесін бөлу кезінде әкімшіліктің шешімімен Мацневтың сарайы орналасқан жер учаскесі алынып қойылады. Мацневке жер учаскесінің бір бөлігін жоғалтқаны үшін оның учаскесі орналасқан жердегі жолдың арғы жағынан алынған жер бөлігіндей жер учаскесі беріледі. Мацнев сарайын жаңадан берілген учаскеге көшіреді және әкімшілікке сарайдың құнын, сарайды жаңа учаскеге көшіру үшін кеткен шығындарды, оған қоса жаңа учаскеге құжаттарды уақытында рәсімдемегені және рұқсатсыз сарай құрылысы үшін Жер ресурстары бойынша комитет алып қойған айыппұлға төлеген төлемдерді сұрап талап қояды.

Мацневтың ойынша, учаскеге құқықтарды рәсімдеу, сонымен қатар сарайды көшіру жер учаскелерін алып қою және бөлу жүзеге асырылған әкімшіліктің міндетіне жатады.

***Мацневтың ұстанымы дұрыс па? Бұл жағдайда қандай құқықтық қатынас орын алды?***

№ 3. Автор-орындаушы Беренбаум өзінің досы Кулагинде қонақта отырып бұрын еш жерде орындалмаған жаңа ән орындайды. Музыкалық мектепте оқитын Кулагиннің ұлы мәтінді есіне сақтап алып, естігені бойынша музыканы тандап, жас орындаушылардың конкурсында орындайды. Ән жазылады және одан әрі кассеталарда бірнеше мәрте айтылады. Жас орындаушылардың альбомын құрастыру кезінде дыбыс жазу студиясы бұл әнді жинаққа енгізбекші болады, алайда бұл туралы Беренбаум біліп, оның туындысын пайдалану туралы өзімен шарт жасасуды талап етеді.

Студияның өкілі Беренбаумның автор болып табылатыны жөнінде ешқандай мәліметтің жоқтығын, бірінші орындаушы болып Кулагиннің ұлы екенін табылатындығын айтады. Егер Беренбаум әннің авторы өзі екенін дәлелдеуге мүмкіндігі болса, студия туындыны пайдалану жөнінде онымен шарт жасай алады.

### ***Бұл дауда кімдікі дұрыс?***

#### ***3. Ұсынылатын әдебиеттер***

1. ҚР Конституциясы 1995 ж. 30 тамыз.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесімен 1994 ж. 27 желтоқсанда қабылданған.
3. Климкин С.И. Гражданское право Республики Казахстан. Общая часть: Учебное пособие. Алматы: НИЦ КОУ. 2011. (стр. 5-24).
4. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 4-57).
5. Гражданское право. Том I. Общая часть. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр. 18-124).

6. Гражданское право и предпринимательство: Материалы международной научно-практической конференции (в рамках ежегодных цивилистических чтений) / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2012. (стр. 17-41).

7. Сулейменов М.К. Избранные труды по частному праву (2011-2016). Т. 1 / М.К. Сулейменов. Гражданское право. – Алматы, 2016. (стр. 126-162).

## **№ 2-тақырып. Азаматтық-құқықтық қатынас**

### ***1. Қарастырылатын сұрақтар***

1. Азаматтық-құқықтық қатынастардың пайда болу, өзгерту және тоқтату негіздері.

2. азаматтық құқықтарды жүзеге асыру еркіндігі мен шектері, оларды қорғау.

### ***2. Ситуациялық есептер (кейстер/шағын-кейстер)***

№ 1. Он үш жасар Витя Морозов «Жас техник» журналындағы байқауға көпірлерді ажыратуға өзен ағысының күшін пайдалану жөнінде ұсынысын жібереді. Оның ұсынысы бірінші сыйлықты иеленеді, журнал редакциясы Витяға өнертабысқа патент беру үшін өтініш рәсімдеуді ұсынады. Витяның ата-анасы өнертабыстың авторы ретінде Витяға небары 13 жас қана, және ол өнертабысқа патентпен байланысты барлық құқықтар мен міндеттерді өздігінен жүзеге асыра алмайтын болғандықтан ата-анасының біреуі көрсетілуі керек деп ойлайды. Өз ойларын нақтылау үшін ата-анасы таныс өнертапқышқа барады, ол ата-аналардың автор болып танылуының құқыққа сайлығына күманданады, бірақ оның ойынша Витя да өнертабысты жасаумен байланысты құқықтар мен міндеттердің бүкіл кешенін өздігінен іске асыра алмайды.

Білікті түсініктеме алу үшін ата-анасы заңгерге жүгінеді.

#### ***Оларға қандай жауап берілуі тиіс?***

№ 2. Иванова анасының өлімінен соң мұрагерлік бойынша тұрғын үйге ие болды. Оның өзінде тұратын үй болғандықтан ол мұра бойынша алынған үйді сатпақшы болады. Өз әйелінің тәжірибесі жеткіліксіз деп ойлаған оның жұбайы үйді міндетті түрде оның келісімімен ғана сататыны жөнінде әйелінен қолхат талап етеді. Біраз уақыттан соң жұбайы ұзақ іссапарға кетеді. Ол жоқ кезде Иванова Ларионовқа үйді сатады. Іссапардан оралғанда үйдің сатылғаны жөнінде білген Иванов Ларионовтан үйдің құнына 30 % қосып төлеуді немесе оның келісімінсіз сатылған үйді қайтаруды талап етеді.

Ларионов баға үйдің меншік иесі болып табылатын Ивановамен анықталғандығына сілтеп, қосымша ақша төлеуден де, үйді қайтарудан да бас тартты. Иванов мәмілені жарамсыз деп тану туралы Ивановаға да,



Ларионовқа да сотқа талап қойды. Ол талап арызында жұбайының өзіне жүктелген жазбаша міндеттемелерді бұзу арқылы мәміле жасағандығына сілтеме жасады.

### ***Сот қандай шешім шығаруы тиіс?***

№ 3. Жергілікті әкімшіліктің шешімі бойынша он сегіз жасқа толмаса да, он жеті жасар Васильеваға азамат Федоровпен некеге тұруға рұқсат беріледі. Неке тіркелгеннен кейін Васильева басқа ауылда тұратын жұбайына көшу ниетімен өсиет бойынша ие болған үйді сатпақшы болады. Ауылдастарының арасынан үйге тұрақты тұруға ешкім ниет білдірмегендіктен, ол Никитинге үйді 500 АҚШ долларына бұзу үшін сатады.

Васильеваның ата-анасы бұл мәмілеге қарсы болды. Олардың ойынша, үйді бұзу үшін сатпау керек еді, өйткені ол жақсы күйде тұр және олар үлкен сомаға тұрақты тұру үшін үйді алатын сатып алушыны тапқан.

Васильева Никитинмен шартты жасасып қойғанын, оны өзгерту мен бұзуға ниеті жоқ екендігін айтады. Ата-анасы кәмелет жасқа толмаған қызының олардың келісімінсіз Никитинмен жасасқан шартын жарамсыз деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінеді.

### ***Істі шешіңіз.***

### ***3. Ұсынылатын әдебиеттер***

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесімен 1994 ж. 27 желтоқсанда қабылданған.

2. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 58-84).

3. Гражданское право. Том I. Общая часть. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр.125-135, 671-718).

4. Климкин С.И. Гражданское право Республики Казахстан. Общая часть: Учебное пособие. Алматы: НИЦ КОУ. 2011. (стр. 5-24).

5. Юридические факты как основания возникновения, изменения и прекращения гражданских правоотношений: Материалы международной научно-практической конференции (в рамках ежегодных цивилистических чтений) / Отв. ред. Сулейменов М.К. – Алматы: «Дәуір-Кітап», 2016. (стр. 11-54).

**№ 3-тақырып. Азаматтар азаматтық құқықтардың субъектілері ретінде**

### ***1. Қарастырылатын сұрақтар***

1. Азаматтар азаматтық-құқықтық қатынастардың субъектілері ретінде. Азаматтардың құқық қабілеттілігі, әрекет қабілеттілігі және деликт қабілеттілігі.

2. Азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану және оны өлді деп жариялау.

## ***2. Ситуациялық есептер (кейстер/шағын-кейстер)***

№ 1. 14 жасар Алексей Сеницын жауапкершілігі шектеулі серіктестікке жұмысқа тұрады. Бірнеше айдан соң Серіктестік директорына Сеницынның әкесі келеді де баласының бүкіл еңбек ақыны өте қымбат заттарды сатып алуға, ресторандарға барып қыдыруға және т.с.с. нәрселерге орынсыз жұмсайтынын айтып береді. Ал Алексейден басқа екі жас балалар бар болғандықтан, жанұясы ақша жағынан үнемі тапшылық көреді. Оның үстіне Алексейдің анасы денсаулығына байланысты еңбекке қабілетсіз болып табылады.

Директор жанұяның тапшылығын түсінеді де, Алексейдің қолына еңбек ақының тек жартысын, ал қалғанын оның ата-анасына береді.

### ***Директордың ірекеті дұрыс па?***

№ 2. Борисова өзінің бұрынғы жұбайын өлді деп жариялау жөнінде сотқа өтініш береді. Ол өтінішінде Борисовтың тұрған жері бойынша 5 жылдан ұзақ уақыт бойы мәлімет ала алмағанын, бұған дейін ол алимент төлеуден жалтарғанын, соған байланысты оған іздеу жарияланғанын көрсетеді.

Борисованың өтініші және Борисовтың соңғы тұрғылықты мекенжайындағы тұрғын үй кеңсесінің анықтамасы негізінде хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы шешім шығарады және өтініш жазған тұлғаға Борисовты хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы сот шешімі күшіне енгеннен соң төрт жылдан кейін оны өлді деп жариялау туралы өтініш бере алатынын түсіндіреді.

### ***Сот дұрыс шешім шығарды ма?***

№ 3. Ефимова өзінің күйеуін өлді деп жариялау туралы өтініш жазып сотқа жүгінеді. Өтінішінде Ефимовтың балық аулайтын колхоздың мүшесі болғанын және балықты өңдеу бойынша сейнерде шебер болып жұмыс жасағанын көрсетеді. Тоғыз ай бұрын ол ішімдік ішкен күйінде қайықта болып, суға батып кеткен. Өтінішке жазатайым оқиға жөніндегі акт пен Ефимовтың өлімі фактісі бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тартқан тергеушінің қаулысын қоса тіркейді. Өтініш беруші өз өтінішін күйеуінің өлімін АХАТ органдары соттың шешімінсіз тіркемейтінін айтып, негіздейді.

### ***Сот қандай шешім шығаруы тиіс?***

## ***3. Ұсынылатын әдебиеттер***

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесімен 1994 ж. 27 желтоқсанда қабылданған.

2. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 2015 ж. 29 қазандағы № 375-V.

3. Қазақстан Республикасының «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы» 1995 ж. 19 маусымдағы Заңы

4. Климкин С.И. Гражданское право Республики Казахстан. Общая часть: Учебное пособие. Алматы: НИЦ КОУ. 2011. (стр. 25-30).

5. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 85-119).

6. Гражданское право. Том I. Общая часть. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр.136-158).

#### **№ 4 Тақырып. Заңды тұлға, мемлекет және әкімшілік аумақтық бөлініс азаматтық құқықтың субъектісі ретінде**

##### ***4. Қарастырылатын сұрақтар***

1. Заңды тұлға азаматтық құқықтық қатынастың субъектісі ретінде. Заңды тұлғаның белгілері, құқықтық субъектілігі, атауы, органдары, құрылуы мен тоқтатылуы.

2. Заңды тұлғаның жіктелуіне байланысты:

- құрылу мақсаты;
- олардың мүліктеріне құрылтайшылардың құқықтары;
- меншік нысаны;
- ұлтқа тиесілігі;

3. Мемлекет азаматтық құқықтың субъектісі ретінде

##### ***5. Ситуациялық есептер (кейстер/ шағын кейстер)***

№ 1. «Джон Вуд, Лдт.» фирмасының жалғыз иесі болып табылатын американдық кәсіпкер заңгерден Қазақстандағы кәсіпкерлікті жүргізудің оңтайлы нысаны туралы кеңес сұрады. Кәсіпкер жасамақшы болған фирма келесі талаптарға сай болуы керек:

1. кез-келген коммерциялық және қайырымдылық қызметке ешқандай шектеусіз айналысу мүмкіндігі;
2. компания басшылығының іс-әрекеттеріне барынша толық бақылауды қамтамасыз ету;
3. фирманың қызметі туралы негізгі қаржылық ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету (бухгалтерлік есеп, баланс және т.б.);
4. осындай фирманың міндеттемелері бойынша оның капиталына төленетін жарнаның мөлшерін шектеу.

Қорғаушыға сондай-ақ сұрақтар қойылды:

- компания міндетті түрде заңды тұлға бола ма?

- «Заңды тұлға» термині Қазақстан заңында қалай түсіндіріледі?

- Қазақстан Республикасының азаматтарын сондай-ақ мемлекеттік органдарды фирманың құрылтайшылары ретінде тартуға болады ма?

***Қорғаушы атынан кеңес беріңіз. Сіз қандай заңды тұлғаны құруды ұсынасыз?***

№ 2. «Вандерлес, Коробкин және компания» толық серіктестігінің үш қатысушысының бірі Федоров мырза, «MOST» акционерлік қоғамына пайдалы мәміле жасауды ұсынды. Келісімге қол қою өкілеттігін растау кезінде Федоров:

- Толық серіктестіктің құрылтай шартының нотариат куәландырған көшірмесі, оның негізінде Федоров оның қатысушысы болып табылады;

- Толық серіктестіктің жалпы капиталының 80%-на иелік ететін «Вандерлес» Федоровқа тиісті мәміле жасау құқығына сенімхат берген;

- Коробкин мырзаның құрылтай құжатта серіктестіктің істерін басқаруға тапсырылған өз қолжазба хаты, ол келісімшарттың жасалуына қарсы емес екендігі айқын көрсеткен;

- Федоровтың мекен-жайы және телефон нөмірі көрсетілетін визитка.

***Федоровтың өкілеттігін растау үшін қандай құжаттар қажет?***

№ 3. Белгілі кәсіпкер және меценат Арқанов заманауи қолданбалы өнерді насихаттау үшін мұражай құруға және жас суретшілерге өздерінің көрмелерін ұйымдастыруға көмектесуге шешім қабылдады. Заңгермен әңгімелесу барысында Арқанов мұражайдың құрылысын қаржыландыруға дайын екендігін және болашақта мұражай өзі үшін төлем жасамаса, өзі мұражайға мерзімді түрде құрылтай құжаттарында көрсетілген белгілі бір ақша сомасына аударуға дайын екенін айтты. Сонымен қатар, Арқанов мұражайдың құрылтайшылары өзінің отбасы болғанын, және оған қарсы болмайтынын, сонымен қатар музейге өз есімін беруін айтады. Мұражай коммерциялық емес ұйым ретінде ойластырылғандықтан, оның құрылтай құжаттары мұражайдың қарызы

үшін Арқановтың немесе оның отбасының жауапкершілігін толығымен алып тастауы керек.

Заңгер Арқановқа заңнамада көзделген заңды тұлғалардың ешқайсысы айтқан талаптарына сәйкес келмейтінін түсіндірді. Сондықтан бұл жағдайда, жаңа ұйымдық-құқықтық нысанды қалыптастыратын қор, мекеме және қоғамдық ұйымның құрылу керектігін айтқан

***Сіз заңгердің дәлелдерімен келісесіз бе? Қор, мекеме және қоғамдық ұйым арасындағы айырмашылықты анықтайтын кеңестер беріңіз.***

***Меценаттың қажеттіліктеріне сай келетін коммерциялық емес ұйымның құқықтық-нысанын таңдауына көмектесіңіз.***

### ***3. Ұсынылатын қайнар көздер***

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданды

2. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазан № 375-V ҚРЗ

3. «Шаруашылық серіктестіктері туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 мамырдағы № 2255 Заңы.

4. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220-I Заңы.

5. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II Заңы.

6. «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурызындағы № 413-IV Заңы.

7. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы № 142-II Заңы.

8. «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V ҚРЗ.

9. «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі № 2198 Заңы.

10. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер жөніндегі заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы № 2 Нормативтік Қаулысы.

11. «Акционерлік қоғамдар жөніндегі заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 8 Нормативтік Қаулысы.

12. «Оңалту және банкроттық туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 2 қазандағы № 5 Нормативтік Қаулысы.

13. Климкин С.И. Гражданское право Республики Казахстан. Общая часть: Учебное пособие. Алматы: НИЦ КОУ. 2011. (стр. 31-55).

14. Климкин С.И. Товарищество с ограниченной ответственностью: Комментарий к Закону РК от 22 апреля 1998 года. – 2-е изд., испр. и доп. / С.И. Климкин. - Алматы: Юрист, 2016. (стр. 7-22).

15. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 120-248).

16. Гражданское право. Том I. Общая часть. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр.159-422).

## **№ 5 тақырып. Азаматтық құқықтың объектілері**

### ***1. Қарастырылатын сұрақтар***

1. Азаматтық құқық объектілерінің түсінігі мен негізгі түрлері.

2. Объектілерді жіктеу:

- олардың айналым қабілеттілігі бойынша;
- жеке-даралау дәрежесі бойынша;
- олардың бөлінуі бойынша;
- олардың тұтынуы бойынша;
- мәнінің дәрежесі (деңгейі) бойынша;
- күрделілігі бойынша.

3. Азаматтық құқықтық жеке объектілері:

- қызметтер және басқа да әрекеттер;
- интеллектуалдық меншік объектілері;
- бағалы қағаздар мен ақша;
- жеке мүлктік емес игіліктер мен құқықтар

### ***2. Ситуациялық есептер (кейстер / шағын кейстер)***

№ 1. Кешенді мал шаруашылығы бар бірлестігінің шарты бойынша соңғысы бірлестікке 50 бас бұзау және 60 торайларды жеткізуге міндеттенді. Кешенді директордың нұсқауы бойынша жануарларды алып кеткенге дейін бір күн бұрын торайлар таңдалып алынған болатын және жеке ғимаратта жабық болды. Торайлар тұрған ғимараттарға найзағай түсіп өртенеді, нәтижесінде барлық 50 торай қырылады.

Осы орайда, мал шаруашылығы кешені бірлестікке тек 60 бұзау беруге дайын болды, ал торайларды беруден бас тартты және өзіндегі қалған торайларды шошқаларды молайту және көбейту үшін өзіне қажет екенін негізге алды.

Бірлестік сотқа жүгінді.

***Сот қандай шешім қабылдауы керек? Осы дауды шешу кезінде заттарды жіктеудің қайсысы қолданылады?***

